

Искакова Г.Н.
Просодия және дискурс

Мақалада адам өміріндегі және сөйлеу үдерісіндегі просодияның алар орны туралы сөз қозғалады. «Просодия» ұғымының мағынасы ашылып, олардың арасындағы ұқсастықтары мен айырмашылықтары қарастырылады. Қазақ, орыс және ағылшын тілдері зерттеушілерінің еңбектерінде келтірілген түсініктеме мен анықтамалар негізінде «просодия», «просодика» және «интонация» ұғымдарына сипаттама берілді. Соның нәтижесінде осы құбылыстардың бір-бірінен ерекшеліктері анықталды: интонация және просодика. Просодия мен интонация ұғымдарының ерекшеліктері мен олардың қарым-қатынас жасау барысында атқаратын қызметі зерттеледі. Сонымен қатар просодияның дискурстағы рөлі мен оның зерттелу деңгейі анықталады. Просодияның дискурстағы және сөйленімдердегі көрінісі мен атқаратын қызметі жөнінде көптеген ғалымдардың еңбегіне шолу жасалды. «Дискурс» ұғымына берілген анықтамаларға қатысты бір ортақ ой қалыптасаған, оның бірден-бір себебі, дискурстың әртүрлі қырынан зерттелуі болса керек. Дискурстың бір түрі академиялық дискурстағы просодияның орны туралы да автор сөз қозғайды.

Түйін сөздер: просодия, дискурс, интонация, просодия функциясы, академиялық дискурс, просодика.

Iskakova G.N.
Prosody and discourse

The article shares the role of prosody in human life and the process of communication. The content of the concept «prosody» is studied and their similarities and differences are considered. On the basis of the explanations and definitions given to the term in the researches of the scientists of the Kazakh, Russian and English languages, there was made an attempt to describe the concepts «prosody», «prosodics» and «intonation». In the result of this, language units: intoneme and prosodeme, differentiating these phenomena from each other are defined. The prosody and intonation and their functions in communication are investigated in the article. The author considers the role of prosody in a discourse and the level of research of the issue. The works of many scientists of the phenomenon prosody in a discourse and speech and its function are reviewed. There isn't still formed a common opinion on the definition of «discourse» and one of the lots of reasons for this must be the manysidedness of discourse in the study.

Key words: prosody, discourse, intonation, function of prosody, academic discourse, prosodics.

Искакова Г.Н.
Просодия и дискурс

В статье рассказывается о роли просодии в жизни человека и процессе коммуникации. Раскрывается содержание понятия «просодия», рассматриваются их сходства и различия. На основе объяснений и определений термина в работах исследователей казахского, русского и английского языков была сделана попытка описания понятий «просодия», «просодика» и «интонация». В результате чего были определены языковые единицы, отличающие эти явления друг от друга: интонема и просодема. Изучаются особенности понятий «просодии» и «интонации» и их функции в коммуникации. Также автор рассматривает роль просодии в дискурсе и уровень исследования данной проблематики. Был сделан обзор исследований многих ученых о явлении просодии в дискурсе и речи, а также об ее функции. Не сформулировано общее мнение об определениях термина «дискурс», и одна из многих причин тому должна быть многогранность дискурса в исследовании.

Ключевые слова: просодия, дискурс, интонация, функция просодии, академический дискурс, просодика.

ПРОСОДИЯ ЖӘНЕ ДИСКУРС

Қазіргі таңдағы фонетика саласындағы өзекті бағыттарының бірі сөйлеу мәтінінің просодиясын зерттеу болып табылады. Зерттеушілердің қызығушылығы фразалық просодиядан сөйлеу мәтіндеріне ауысуы дауыс ырғағы теориясының бірнеше мәселелерін жаңадан қарастыруға және дискурстың әртүрлі формалары мен түрлеріндегі просодиялық бірліктері туралы түсініктер қалыптастыруға мүмкіндік тудырды. Алайда, просодияның көп мағыналық және көп функциялылық қасиеттеріне байланысты зерттеудің пәні ретінде оны қарастыру қиынға соғады [1, 5]. Әрқашан зерттеу жұмысының нысаны ретінде қарастырылатын, әрдайым динамикада болатын «адам» және оның сөйлеу әрекеті мен сол әрекет жасау барысындағы жағдайы нақты және тұрақты дәлелдемелер беруі өте сирек және көптеген қиыншылықтар тудыруы да әбден мүмкін. Заман талабының өзгеруіне де байланысты алдыңғы ғасырларда әлем тірегі мен құпиясын сандар әлемінен іздесе, қазіргі кезде ғылымның көптеген салалары тіл білімі, яғни тіл мен сөйленім әлеміне назарын аударуда. Оған дәлел жаратылыстану ғылымдарының бірнеше салаларының тіл саласымен бірлесе отырып, жаңа салалардың дүниеге келуі. Қарапайым мысал ретінде робот жасау саласы, оны жан-жақты Р.К. Потапова өзінің «Речевое управление роботом» еңбегінде зерттеп көрсеткен. Аталмыш еңбекте нәтижелері сөйлеу хабарламаларын автоматты түрде тану, түсіну және синтездеуді қамтитын робототехникалық жүйелердің вербалды құрамдарымен (сөйлеу мен тыңдау) тікелей байланысты фундаменталды және қолданбалы сөзтаным саласындағы зерттеулердің зор мәні туралы баяндалады. Бұл просодия саласының зерттеу нысаны ретінде қалыптасып, үлкен қызығушылық тудыруының тағы да бір көрінісі болып табылады [2, 30].

Сонымен қатар, просодияның адам-адам қарым-қатынасындағы, сондай-ақ адам-машина қарым-қатынасындағы алатын рөлі жөнінде де көптеген еңбектер жазылуда. Тіл мамандары, әсіресе компьютерлік лингвистика саласының мамандары және сөйлеу инженерлері интонация мен просодияға тілдің аса маңызды компоненті ретінде қарастыруды арттыруда. Бұрын просодиялық зерттеу ауқымы тек мәтіннен-сөйлеуге дейінгі аралықты алса, қазіргі таңда зерттеу нысаны


кеңейіп, басқа да автоматты түрде сөйлеуді тану секілді технологиялардағы көрінісі зерттеушілердің қызығушылығын арттырып отыр. Сөйлеуді зерттеуші ғалымдар автоматты түрде сөйленімді тану барысында іздеу қызметінде кездесетін қиыншылықтар мен тілді дұрыс түсінуді арттыру мақсатында просодиялық ақпаратты қолдануды жөн санайды.

Сондықтан болар, сөз бен сөйленім просодиясын қарастыру басты «просодия» терминін анықтап алу қажеттілігін талап етеді. Просодия ұғымы әртүрлі сөздіктерде тон, дауыс қаттылығы, темп, сөйлеудің жалпы тембрлік боямы секілді фонетикалық белгілердің жиынтығы немесе сөйлеуде сөйлеу сегменттерінің (буын, сөз, сөз тіркесі, синтагма, фраза, фразадан жоғары бірлік, мәтін барлық деңгейінде жүзеге асатын және мәнді анықтау қызметі бар фонетикалық бірліктердің жүйесі деген анықтамаға ие. Осы мағынада бұл термин «интонация» ұғымына синоним ретінде қарастырылады. Интонация мен просодия да мелодия, екпін, тон, ырғақ, пауза, темп, тембр секілді компоненттері бар, сондықтан да олар бір-біріне синоним секілді қарастыруға болады. Алайда көптеген зерттеушілердің пікірінше, аталмыш екі ұғым бір-бірімен тығыз байланыста болғанымен, арасында айтарлықтай айырмашылықтар да бар. Интонация компоненттері ретінде Н.С. Трубецкой өз еңбегінде батыстық зерттеушілер секілді интонацияны мелодия деңгейінде, яғни төмен не жоғары көтерілуі арқылы фраза мағынасын анықтайтын құрал болса, сөз, сөз тіркесі және фраза мағынасын ажырататын просодиялық бірліктер деп бөледі [3, 156].

Бұл жерде просодия және просодика деген ұғымдар ажыратылған, «просодика» тек буынға қатысты болса, «просодия» барлық сегменттік және суперсегменттік бірліктермен (буын, фраза, синтагма) байланысты.

Алайда орыс және қазақ тілдерінде просодия және просодика терминдері бір мағына береді. Қазақ тілді еңбектерде просодика – «жалпы фонетикада кіші тіл бірліктерінің басын құрап, көлемді бірліктер құрастыратын лингвистикалық құбылыс (заңдылық)» ретінде сипатталады [4, 42]. Р.К. Потапова өзінің «Слоговая фонетика германских языков» деген еңбегінде просодия – просодика – просодемика ұғымдарының ара жігін ашып көрсетеді. «Просодия – құрылыс материалы болса, просодика – ойдағы құрылысты жүзеге асыру және оның амалдары, просодемика – құрылыстың әлеуметтік мақсаты және оның басқа құрылыстардан белгілі бір белгісі арқылы

ерекшеленуі» деген метафоралық анықтама береді. Оны төмендегідей сызбамен көрсетеді (сурет №1): [5]



1-сурет – Просодия тармақтары


«Просодия» (грек тілінен *prosodia* – екпін, мелодия) термині бастапқыда өлеңдер мен әндерге қатысты қолданылған және дыбыстар тізбегіне жасалған ырғақтық және мелодиялық сызбаны білдірген.

Ал ағылшын тілінде просодия немесе просодика ұғымдары бір терминмен, яғни «*prosody*» деп айтылады, олардың арасындағы айырмашылықтар білінбейді. Merriam-Webster сөздігінде «просодия» ұғымы «*the rhythmic and intonational aspect of language*», яғни тілдің ырғақтық және интонациялық аспектісі ретінде анықталса [6], кейбір зерттеушілердің еңбектерінде просодияға «*Prosody is the study of those aspects of speech that typically apply to a level above that of the individual phoneme and very often to sequences of words (in prosodic phrases)*», яғни жеке фонемалардан жоғары деңгейдегі сөздердің бірізділігіне қатысты сөйлеу аспектілерін зерттеу деген түсініктеме береді. Просодия *vocal pitch (fundamental frequency)* (дауыс жоғарылығы), *loudness (acoustic intensity)* (дауыс қаттылығы), *rhythm (phoneme and syllable duration)* (ырғақ) арқылы сипатталады. [7].

Көптеген жылдар бойы дауыс ырғағы, яғни интонация мен просодия арасындағы айырмашылықтар мен ерекшеліктерін анықтаумен айналысқан ғалымдар, олардың екі түрлі ұғым және құбылыс екенін дәлелдеді. Соның нәтижесінде осы екі аталмыш құбылыстардың бір-бірінен ерекшелеп отыратын олардың тілдік бірліктері анықталды: интонома және просодема. Интонациялық бірлікті алғаш болып енгізген А.И. Смирницкий болып табылады. Тілде тек интонация арқылы мағынасы анықталатын сөйлемдер кездесіп отырады. Мысалы, фраза «он пришел?», бұл жерде интонацияға қарай сөй-

лемнің не мағына беріп тұрғанын анықтауға болады, ал қазақ тілінде де мұндай мысалдар өте көп. Айта кетсек, «Келмеді?» сөйлемі. Бұл құбылыс ағылшын тіліне де жат емес, дегенмен стандартты ағылшын тілінің грамматикасына сәйкес, сұраулы сөйлемдер көмекші сөздер мен

етістіктер арқылы жасалып отырады. Қайталауды талап еткен немесе таң қалу нәтижесінде қойылған сұрақтар хабарлы сөйлем құрылысымен қолданылады, мысалы, «Pardon?» немесе «He invited me?». (Сурет №2. Сөйлемдердің PRAAT бағдарламасы арқылы көрінісі)



2-сурет – Сөйлемдердің PRAAT бағдарламасы арқылы көрінісі

Осы аталған екі термин – просодема және интонама ішінде интонама тек интонациялық құбылыстарға, ал просодема интонациялық және акцентуалды құбылыстарға қатысты қолданылады. Просодеманың ерекшелігі – фонема секілді жеке түрде айтылмайды, өйткені ол бірнеше фонемалардың бірізділігінен тұрады [8, 106].

В.А. Артемов просодеманы суперсегментті деңгейдегі бірлік ретінде анықтай отырып, оның қызметін тек буын аясында ғана шектеп қарастырды. Ал одан жоғары деңгейде қарастыратын буындар мен фразаларға қатысты мағына ажырату қызметін «интонама» атқарады десе, просодема тек буындарды ажыратады деген ойға келді. Оның ойымен Н.С. Трубецкой бөлісті. Әлбетте, просодеманың интонациялық және акцентуалды құбылыстармен байланысты екенін баса айтып көрсеткендердің бірі А.А. Реформатский болды [9].

Просодема просодияның қандай қызметі бар екенін айқындап отырады. Жалпы просодияның ағылшын тілінде үш негізгі функциясы қалыптасқан: конститутивті, дистинктивті және айқындаушы функциясы. Конститутивті функциясы сөйленімдер мен интонациялық топтар арасындағы байланысты көрсетеді және сөйленімдер немесе интонациялық топтар ішіндегі семантикалық маңызы жоғары сөздерді ерекшелеп отыруға бағытталған. Келесі дистинктивті функциясы ішінара бірнеше түрлерге бөлініп

қарастырылады: коммуникативті-дистинктивті, модальды-дистинктивті, кульминативті (логикалық)-дистинктивті, синтактикалық-дистинктивті, стилистикалық-дистинктивті. Сөйленімдердің мақсатына сәйкес просодия да әртүрлі жағдайға қарай осындай функция атқарады. Соңғы просодияның функциясы ретінде айқындаушы функциясы қарастырылады. Просодия сөйленімнің коммуникативті және модальды түрін тыңдаушы адамға айқындауға, оның семантикалық және синтактикалық құрылымын дискурс жағдайына сәйкес анықтауға мүмкіндік береді.

Ал А. Мюллердің пікірінше, просодияның функцияларын жүйелі-лингвистикалық, стилистикалық-прагматикалық және экспрессивті деп бөліп қарастырады. Және осы аталмыш функцияларына сәйкес просодияны да лингвистикалық, прагматикалық және аффективті просодия түрлерін айқындайды. Лингвистикалық просодия лексика-синтактикалық ережелермен байланысты және сөйленімдерде сөздік не фразалық екіпіндерді көрсетеді, ал прагматикалық просодия сөйлеушінің ниетін көрсетсе, просодияның үшінші түрі сөйлеушінің тұлғалық ерекшеліктері мен оның эмоционалды жағдайын білдіреді.

Просодия мағынасына қатысты мәселе тереңірек қарауды талап етеді. Сөйленімнің просодиясы оның функциясының көптігіне байланысты. Сөйлеу просодиясының функциялары

жайында К.К. Барышникова толық ашып берді: фонетикалық деңгейдегі құралдар тілдің басқа деңгейлерінің бірліктерінен сөздер құрап, оларды фразаларға айналдырып, бөліп, басты немесе қосымша етеді. [10, 20] Алайда бұнымен просодияның қызметі шектелмейді: оларды жалпы және жеке боп бөлінеді. Жалпы қызметтері ұйымдастыру, стиль құру және семантизациялауды қамтыса, ал жеке функцияларына бөлу, байланыстыру, рәсімдеу және айқындау жатады.

Просодияның кез-келген қарым-қатынастағы және сөйлеу барысында және ақпарат алмасу үдерісінде маңызды рөл атқаратыны белгілі.

Соңғы жылдары ғылыми жұмыстарда «дискурс» термині кеңінен қолданылады. Дискурсты кең мағынасында сөйлеу жүйесін әлеуметті шартталған түрде ұйымдастыру. Алайда күні бүгінге дейін «дискурс» терминіне берілген анықтамаға қатысты бір ортақ ой қалыптаспаған. Дискурс – көпдеңгейлі үдеріс, ол айтушының вербалды мінез-құлқы (дауыс ырғағы, интонация, паузаларға бөлуі), кинессикалық мінез-құлқы (ым-ишара) сияқты деңгейлерді қамтиды. Дискурс дегеніміз – экстралингвистикалық факторларға негізделіп отырып жасалатын, белгілі бір жүйеге түскен, оқиғасы, қатысушылары бар, қатысушының баға беруі қажет етілетін тұтас мәтін [11]. Ал Зубкова Я.В. еңбегінде дискурс ұғымы «вербалды түрде берілген, этномәдени және топтық пресуппозицияға негізделген, белгілі-бір қарым-қатынас саласында сол саланың қатынас жасау нормаларына сәйкес көрінетін коммуникативті мінез-құлқы» деп қарастырылады [12, 28]. В.И. Карасик дискурсты «белгілі бір әлеуметтік топқа жатуына қарай немесе типтік сөйлеу іс-әрекеті жағдайына қарай қарастырылатын адамдар арасындағы қатынас» деп біледі [13, 193]. Г.Г. Бүркітбаеваның «Іскери дискурс» атты еңбегінде дискурс ұғымы «нәтижесі мәтін немесе тақырыпқа қарай бірлескен мәтіндер болып табылатын белгілі бір коммуникациялық жағдайда орын алатын ауызша немесе жазбаша түрде екі немесе одан да көп коммуниканттардың тілдік өзара әсер етуі» болып ашылады [14, 5]. Дискурс ұғымы ғылым саласына сәйкес әртүрлі қырынан ашылады, сондықтан да болар берілетін анықтама да соншалықты күрделі.

Сол просодияның дискурстағы және сөйленімдердегі көрінісі мен атқаратын қызметі жөнінде көптеген ғалымдардың, әсіресе Е.Л. Фрейдина, Н.А. Катина, М.Я. Блох және т.б. зерттеушілердің ізденістері өте құнды [15, 16,

17]. Урманова Л. просодияны теледидар дискурсы негізінде, яғни заманауи телематериалдар негізінде жүргізушілердің сөзіндегі просодиялық құралдарды зерттесе [18], Е.Г. Мусаева саяси дискурстың интонациялық рәсімденуін, көпшілік алдындағы саяси дискурстағы эмфатикалық екінің қолданысы мен эмфатикалық таңбалануын зерттеді [19]. Қазіргі таңда дискурстың түрлері өте көп: 1. әскери дискурс; 2. газеттік дискурс; 3. іскери дискурс; 4. балалық дискурс; 5. өнертану дискурсы; 6. магиялық дискурс; 7. масс-медиа дискурсы; 8. ғылыми (академиялық) дискурс; 9. парфюмерлік дискурс; 10. педагогикалық дискурс; 11. поэтикалық дискурс; 12. публицистикалық дискурс; 13. жарнамалық дискурс; 14. спорттық дискурс; 15. техникалық дискурс; 16. террористік дискурс; 17. феминистік дискурс; 18. көркем дискурс; 19. экономикалық дискурс; 20. электрондық дискурс; 21. этикалық дискурс; 22. заңи дискурс және т.б. [20, 69].

Академиялық дискурстағы просодия мәселесі де ғалымдар назарынан тыс қалмады. Бурмакина Н.Г. академиялық дискурсты қарастырған кезде, Л.В. Куликованың берген анықтамасына тоқталған. Академиялық дискурс «лингвистикалық, экстралингвистикалық жоспарлары бар, кәсіби-бағытталған белгілердің белгілі бір жүйесін қолданатын, қарым-қатынастың басты қатысушыларының статустық-рөлдік сипаттамасын ескеретін, коммуникацияның мәдени маркіленген жүйе ретінде қабылданатын нормативті ұйымдасқан тілдік өзара әрекет» [21]. Академиялық дискурс академиялық қоғамдардың мүшелері, ғылыми зерттеушілер, оқытушылар және студенттер арасындағы коммуникация.

Фрейдина және бір топ орыс ғалымдары просодияны көпшілік алдындағы сөйленімдер риторика контекстінде қарастырды. Осылай олар дыбыстық мәтіндердегі просодияның рөлін риторикалық дискурс негізінде зерттеді. Публикалық сөйлеу риторикалық дискурстың әлеуметтік мәдени контекстінде кіретін маңызды түрі ретінде қарастырылады. Бұл еңбекте риторикалық дискурстың лингвомәдени аспектісіне, сондай-ақ публикалық сөйлеудің ұлттық-мәдени ерекшеліктері мен британдық және жергілікті, яғни орыс риторикалық салттары мен сөйлеу мәдениетіне аса үлкен мән берілді [15].

Сонымен қатар, Н.А. Катина мен М.Я. Блох та өз еңбектерінде просодияны әртүрлі дискурс түрлерінде қарастырып, ерекшеліктері мен эксперимент жасай отырып, салыстырмалы зерттеу

барысында айырмашылықтарды анықтап берді [16, 17]. Байқағанымыздай, дискурстың қазіргі таңда өзектілігі артып отыр және зерттеушілердің назарындағы бірден бір түрі академиялық дискурстағы просодия, оның бірнеше тілдер негізінде ерекшеліктерін анықтау және эксперимент жасау арқылы дәлелдеу зерттеу жұмыстардың басты мақсаты болып отыр.

Қорыта келе, қазақ, орыс және ағылшын зерттеушілерінің просодия мәселесіне

арналған бірнеше еңбектеріне және онда берілген анықтамаларға талдау жасай отырып, дауыс ырғағынан ерекше, сөйлеудің фонетикалық супрасегменттік сипатының жалпы атауы болып табылатын просодия мен просодиканың бір ұғым ретінде қолданғанымен, олардың арасында айырмашылық бар екені белгілі болды. Сол просодияның академиялық дискурстағы көрінісі алдыңғы жұмыстарда көрініс табатын болады.

Әдебиеттер

1 Фрейдина Е.Л. Риторическая функция просодии: на материале британской академической публичной речи. Дисс. на соискание уч. степени доктора филологических наук. – М., 2005. – 407 с. – С. 5 <http://www.dissercat.com/content/ritoricheskaya-funktsiya-prosodii-na-materiale-britanskoi-akademicheskoi-publichnoi-rechi#ixzz3xD2nsetc>

1 Лингвистическая полифония. Сборник в честь юбилея профессора Р.К. Потаповой. – М.: Языки славянских культур, 2007. – 998 с. – С. 30.

2 Людмила Н.Б. Полифункциональность речевой просодии // Вестник ТГУ. – 2010. – № 10 (90), – С. 155-160 <http://cyberleninka.ru/article/n/polifunktionalnost-rechevoy-prosodii>

3 Ибрайымов Қ.Ш. Қазіргі қазақ тілтанымдағы тіл, тілдесім, тілдесімдік қызмет ұғымдарының қалыптасуы. // Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының хабаршы-сы. Ғылыми-педагогикалық журнал. – 2012. – №11. – Б. 37 – 43.

4 Протапова Р.К. Слоговая фонетика германских языков. – М.: Высшая школа, 1986. – 144 с.

5 Merriam-Webster dictionary. Electronic resource: <http://www.merriam-webster.com/dictionary/prosody>

6 Robert M. Introduction to Prosody Theories and Models. – Sydney: Macquarie University, 2007, electronic resource: <http://clas.mq.edu.au/speech/phonetics/phonology/intonation/prosody.html>

7 Синёв А.Д. Просодия как суперсегментное фонологическое явление в контексте сов-ременных лингвистических исследований // Вестник Челябинского государственного университета. Сер. Филология. Искусствоведение. – 2010. – № 17 (198). – С. 104–113.

8 Григорьев Е.И., Тычинина В.М. Звуки речи и их коммуникативная функция: учебное пособие для студентов филологических специальностей, аспирантов и преподавателей. – Тамбов, ТГУ им. Г.Р.Державина, 2006. – 84 с.

9 Барышникова К.К. О типологии исследований просодии // Республиканский симпозиум «Лингвистическая интерпретация результатов экспериментально-фонетических исследований речевого текста» – Минск, 1977. – С. 19-22.

10 Рапишева Ж., Карамсакова А. Ғылыми дискурс: негізгі теориялық мәселелер // Науч-ный потенциал мира. Филологические науки. – 2012. – №3. Электронный ресурс: http://www.rus_nauka.com/27_NPM_2012/Philologia/3_117011.doc.htm

11 Зубкова Я.В. Конститутивные признаки академического дискурса // Известия ВГПУ. – 2009. – С. 28-32.

12 Карасик В.И. Язык социального статуса. – М.: ИТДГК «Гнозис», 2002. – 333 с. – С. 193.

13 Буркитбаева Г.Г. Деловой дискурс. Онтология и жанры: Монография. – Алматы: НИЦ «Ғылым», 2005. – 230 с. – С. 5.

14 Фрейдина Е. Л., Ковпак Н. А., Королева Ю. П., Пчелина Т. М., Сейранян М. Ю., Смирнова О. Н. Просодия публичной речи. – М.: Прометей, 2013. – 300 с.

15 Катина Н.А. Роль просодии в реализации дискурсивных маркеров речевого от-гораживания (на материале британских лекций). Дисс. на соискание ученой степени канд. филол. наук. – М., 2014. – 162 с.

16 Блох М.Я., Фрейдина Е.Л. Публичная речь и ее просодический строй: Монография. – М.: Прометей, 2011. – 236 с.

17 Урманова Л.Э. Просодические особенности телевизионных дискурсов // В мире науки и искусства: вопросы филологии, искусствоведения и культурологии. – Новоси-бирск: СибАК, 2014. – С. 67-74

18 Мусаева Е.Г. Просодические характеристики британского политического дискурса // Вестник Челябинского государственного университета. Сер. Филология. Искусствоведе-ние. – 2010. – № 22 (203). – С. 89–93.

19 Сүлейменова Э. Дискурс в дискурсе казахстанской лингвистики // Современные проблемы дискурса: теория и практика. – Алматы, 2006. – С. 69.

20 Бурмакина Н.Г. Дискурсивно-интегративные и культурно-конвенциональные характе-ристики академической коммуникации. Дисс на соис канд наук. – Красноярск, 2014. – 217 с.

References

1 Frejdina E.L. Ritoricheskaya funkciya prosodii: na materiale britanskoi akademicheskoi publichnoj rechi. Diss. na soiskanie uch. stepeni doktora filologicheskikh nauk. – М., 2005. – 407 s. – С. 5 <http://www.dissercat.com/content/ritoricheskaya-funktsiya-prosodii-na-materiale-britanskoi-akademicheskoi-publichnoi-rechi#ixzz3xD2nsetc>

- 2 Lingvisticheskaya polifoniya. Sbornik v chest' yubileya professora R.K. Potapovoj. – M.: YAzyki slavyanskih kul'tur, 2007. – 998 s. – S. 30.
- 3 Lyudmila N.B. Polifunkcional'nost' rechevoj prosodii // Vestnik TGU. – 2010. – № 10 (90), – S. 155-160 <http://cyberleninka.ru/article/n/polifunksionalnost-rechevoy-prosodii>
- 4 Ibrajmov Қ.Ш. Қазирги қазақ тилтанымдары тил, тилдесим, тилдесимдик қызмет ұғымдарын қалыптасуы. // Taraz memlekettik pedagogikalық институтын хабаршысы. Fylymi-pedagogikalық zhurnal. – 2012. – №11. – B. 37 – 43.
- 5 Protapova R.K. Slogovaya fonetika germanskih yazykov. – M.: Vysshaya shkola, 1986. – 144 s.
- 6 Merriam-Webster dictionary. Electronic resource: <http://www.merriam-webster.com/dictionary/prosody>
- 7 Robert M. Introduction to Prosody Theories and Models. – Sydney: Macquarie University, 2007, electronic resource: <http://clas.mq.edu.au/speech/phonetics/phonology/intonation/prosody.html>
- 8 Sinyov A.D. Prosodiya kak supersegmentnoe fonologicheskoe yavlenie v kontekste sovremennyh lingvisticheskikh issledovaniy // Vestnik CHelyabinskogo gosudarstvennogo universiteta. Ser. Filologiya. Iskusstvovedenie. – 2010. – № 17 (198). – S. 104–113.
- 9 Grigor'ev E.I., Tychinina V.M. Zvuki rechi i ih kommunikativnaya funkciya: uchebnoe posobie dlya studentov filologicheskikh special'nostej, aspirantov i prepodavatelej. – Tambov, TGU im. G.R.Derzhavina, 2006. – 84 s.
- 10 Baryshnikova K.K. O tipologii issledovaniy prosodii // Respublikanskij simpozium «Lingvisticheskaya interpretaciya rezul'tatov ehksperimental'no-foneticheskikh issledovaniy rechevogo teksta» – Minsk, 1977. – S. 19-22.
- 11 Rapisheva ZH., Karamsakova A. Fylymi diskurs: negizgi teoriyalық мәseleler // Nauchnyj potentsial mira. Filologicheskije nauki. – 2012. – №3. EHlektronnyj resurs: http://www.rus.nauka.com/27_NPM_2012/Philologia/3_117011.doc.htm
- 12 Zubkova YA.V. Konstitutivnye priznaki akademicheskogo diskursa // Izvestiya VGPU. – 2009. – S. 28-32.
- 13 Karasik V.I. YAzyk social'nogo statusa. – M.: ITDGK «Gnozis», 2002. – 333 s. – S. 193.
- 14 Burkitbaeva G.G. Delovoj diskurs. Ontologiya i zhanry: Monografiya. – Almaty: NIC «Fylym», 2005. – 230 s. – S. 5.
- 15 Frejdina E. L., Kovpak N. A., Koroleva YU. P., Pchelina T. M., Sejranyan M. YU., Smirnova O. N. Prosodiya publichnoj rechi. – M.: Prometej, 2013. – 300 s.
- 16 Katina N.A. Rol' prosodii v realizacii diskursivnyh markerov rechevogo otgorazhivaniya (na materiale britanskih lekcij). Diss. na soiskanie uchenoj stepeni kand. filol. nauk. – M., 2014. – 162 s.
- 17 Bloh M.YA., Frejdina E.L. Publichnaya rech' i ee prosodicheskij stroj: Monografiya. – M.: Prometej, 2011. – 236 s.
- 18 Urmanova L.EH. Prosodicheskije osobennosti televizionnyh diskursov // V mire nauki i iskusstva: voprosy filologii, iskusstvovedeniya i kul'turologii. – Novosibirsk: SibAK, 2014. – S. 67-74
- 19 Musaeva E.G. Prosodicheskije harakteristiki britanskogo politicheskogo diskursa // Vestnik CHelyabinskogo gosudarstvennogo universiteta. Ser. Filologiya. Iskusstvovedenie. – 2010. – № 22 (203). – S. 89–93.
- 20 Sylejmenova EH. Diskurs v diskurse kazahstanskoy lingvistiki // Sovremennye problemy diskursa: teoriya i praktika. – Almaty, 2006. – S. 69.
- 21 Burmakina N.G. Diskursivno-integrativnye i kul'turno-konvencional'nye harakteristiki akademicheskoy kommunikacii. Diss. na sois kand nauk. – Krasnoyarsk, 2014. – 217 s.